



# Magzhan juldzy

6+

Магжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 44 (843) 31 қазан 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

ОРАҚ - 2024

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

**Солтүстікте орақ науқаны Республика күні қарсаңында толық аяқталды. Жер ана да төсіні иіп беріп, облыс биыл рекордты көрсеткіш – 6,2 млн тонна астық жинап отыр. Былтырғы жиналған астық көлемі 3,7 млн тонна ғана болған еді.**

## 6 МЛН ТОННА АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ

Әрине, орақ енді басталған тамыздың екінші жартысынан бері үзілмей тұрып алған нәсер салдарынан астық жиналмас деген қауіп болғаны рас. Талай диқанدارдың қабағы түйіліп, сөйлесуге де зауқы соқпай қалған еді. Тіпті бидай сабағынан өріп кете ме деген де қауіпті жорамал да жасалды. Әйтеуір қыркүйектің басынан тұрған ашық күндер астықты жинап алуға мүмкіндік берді-ау.

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, бидайдың облыстағы орташа береке гектарына 18 центнерден айналған. Ал ұқыпты шаруалар кейбір егіс алқабынан 40-50 центнерден астық жинады. Соның ішінде гектарынан 31 центнерден астық алған Тимирязев ауданындағы «Бәйтерек СК» ЖШС, гектарынан 39,2 центнерден жинаған Ақжайың ауданындағы «Симаргл» ЖШС, гектар берекесін 40 центнерден айналдырған Мамлют ауданындағы «Руслан» шаруа қожалығы бар. Ал Айыртау ауданындағы Байтас Қазыбеков басқаратын «Шангал» ЖШС астықты гектарынан 50 центнерден жинады.

Бұлар – минералды тыңайтқыштарды өз уақытында жеткізіп, арамшөптерді уақытында жойып, өскінді көзінің қарашығындай қорғап отырған, озық техникалармен жұмыс істеген шаруақор диқаннар. Олар биыл егіс алқаптарына 257 мың тонна минералды тыңайтқыш жеткізді. Ал жерді тыңайтуды ойламайтын, оған мал түссе қорғайтын күзетшіге де шығын шығарғысы келмейтін, арамшөбі өскінді басып кетсе де, оны химиялық арнаулы сұйықтықтармен жоюды білмеген, тек жерді сорып, алуды ғана білген шаруалардың астығы жұтаң болды.



Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Жалғас Сүлейменовтің айтуына қарағанда, бүгінде облыстың барлық элеваторына 1,6 млн тонна астық жеткізіліпті. Соның 1,2 млн тоннасы – бидай. Облыс аумағында 3,2 млн тонна астық сақтайтын 46 элеватор бар. Сонымен бірге агроқұрылымдарда өздерінің 3,7 млн тонна астық сақтайтын қоймалары бар. Ұлттық статистика басқармасы орақ басталай тұрғанда облыстың астық қоймаларында 1,4 млн тоннаға жуық былтырғы астық жатқанын жариялаған. Енді ұшы-қиырсыз жаңа астық құйылса, сақтайтын орындар тарлық өтеді.

Ж.Сүлейменов өзінде түскен астықтың 41 пайызы үшінші кластық, 47 пайызы төртінші кластық сұрыпқа жататынын айтты. «Бұл – орақ науқаны кезінде ауа райының жауын-шашынды болғаны себепті астықтың бойындағы ылғалдың молдығынан. Қазір элеваторлар мен қоймаларға астықты құрғату жұмыстарына пайдалану үшін жеңілдетілген бағамен 20 мың тонна дизельді отын, 5 мың тонна сұйытылған газ босаттық. Облыста бір тәулікте 255 мың тонна астықты құрғата алатын барлығы 332 құрғатқыш техника бар. Олар қазір тәулік бойы жұмыс істеп жатыр», деді ол.

Басқарма өкілі қазірдің өзінде 2025 жылғы егіске 470 мың тонна тұқым құйылғанын жеткізді. Бұл – облыс шаруаларына толық жетеді деген сөз. Алғашқы бозқырау өтсе де жинала беретін кейбір майлы дақылдарды ору әлі жалғасып жатыр. Әзірге оның жиналған көлемі 15 пайызға да жетпейді. Жиналған зығыр, рапс, күнбағыс көлемі 600 мың тоннаға жеткен. Биыл 7,4 мың картоп, 100 гектардай жерге қызылша, 251 гектар жерге сәбіз егіліп, қазір олар да толық жиналған.

Ал мал азығы үшін облыс биыл 415 мың тонна пішендеме, 509 мың тонна сүрлем, 1 млн 244 мың тонна шөп үйіп алды. Бұл – алдағы жылға еркін жетіп, тіпті артылып қалуға тиісті көлем.

Жақсыбай САМПАТ.

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ - ХАЛЫҚ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ



жаңа дәуірдің маңызды оқиғаларына құрметпен қараудың және халқымыздың тәуелсіздікке ұмтылуының белгісі.

25 қазан - бұл біздің бай және батыр тарихымызды, бірлігі жарасқан ел ретінде қол жеткізген жетістіктеріміз бен жеңісімізді бейнелейтін әрқайсымыз үшін ерекше күн. Бұл мереке - Қазақстанның жарқын болашағына деген сенім мен қуанышқа толы күн!

Қазақстанның тұрақты дамуы мен ұлттық стратегиялық мүддесі жолында ербірбіздің еңбектеріміз табысты, барлық бастамаңыз сәтті болсын!

Сіздерді тағы да Қазақстан Республикасының күнімен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік, келісім, біздің ортақ Отанымыз - Қазақстан Республикасының игілігі жолында жаңа жетістіктер тілеймін, - деді аудан әкімі.

Сондай-ақ мереке күні ауданымыздың бірқатар азаматтары адал еңбегі және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты іс-шара одан әрі аудандық Мәдениет үйі қызметкерлері өзірлеген концерттік бағдарламамен жалғасты.

25 қазанда - Тәуелсіздік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды. Шынында да, Республика күні - Тәуелсіздігімізді дәріптеп, нығайтуға, егемендігімізді көздің қарашығындай сақтауға, азаматтығымызды бағалауға үндейтін мереке болып табылады. Ендеше, халықтың еңсесін көтеріп, еліміздің егемендігін, еркіндігін көтерген республика күні мерекесі құтты болсын!

Республика күні - бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадамы. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты - Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Егеменді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттары ретінде мыналар белгіленді: біртұтас мемлекет, аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту.

Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның өлеңдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өтеміз.

24 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде Республика күніне орай «Ғасырлар бойы еркенде, менің туған - Қазақстаным!» атты салтанатты шара болып өтті.

Мерекелік іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ортаға алынуынан және айбынды Әнұранымыздың шырқалауымен басталды. Кейін мағжандықтарды құттықтау үшін аудан әкімі Рахат Назымбекулы сахнаға шығып, өзінің жылы лебізін жеткізді.

Сіздерді еліміздің басты және бірегей ұлттық мерекесі - Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күнінің қайта оралуы - ұрпақтар сабақтастығының,

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## 3 ҚАРАША КҮНІ БУЛАЕВТА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨРМЕНКЕСІ ӨТЕДІ

Құрметті қалалықтар!

3 қараша күні Булаев қаласында ауылшаруашылық жөрменкесі өтеді. Магжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтетін жөрменке теміржол вокзалының жанындағы алаңда сағат 10.00-де басталады.

Қалалықтар үшін ет өнімдері, сүт, жұмыртқа, көкөністер, жемістер, бал, жергілікті тауар өндірушілер өндірген астық қалдықтары, жеке қосалқы шаруашылық иелерінің өнімдері сатылымға шығарылады.

Жөрменкеде өнім бағалар нарықтық бағадан төмен болады! Сондықтан барша тұрғындарды жөрменкеге белсене қатысуға шақырамыз!

Сондай-ақ бұл күні халық колөнершілерінің көрмесі ұйымдастырылып, өнер туындылары сатылымға шығарылады.

Іс-шараға келушілер үшін ыстық шай, көуап пен пәлау ұсынылып, аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары концерттік бағдарлама



қозғатын болады.

Сонымен қатар, Булаев қаласының кіреберісінде отын, шөп, сабан, мал азығы сатылатын жөрменке ұйымдастырылады.

Егер жөрменкеге өзінің жеке өндірісінен өнімдер сатуға ниет білдіргендер болса, 2-07-63 телефон бойынша хабарласуларына болады.



СЕРЕПЕ МЕЗЕТІ

# МЕЙІРІМ СЫЙЛАЙТЫН МАМАНДЫҚ



Қазақстанда қазан айының соңғы жексенбінде - әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні аталып өтіледі. Азаматтарға қамқорлық көрсететін бұл құрылымның қызметі қашанда сұранысқа ие. Өйткені, олар мемлекет қамқорлығын қажет ететін зейнеткерлер мен көпбалалы отбасы және мүгедек жандарға жанашырлық танытып, дер кезінде көмек көрсетуге әзір.

Ауданда сексеннен астам әлеуметтік қызметкер еңбек етіп, үш жүзден артық әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға күнделікті көмек көрсетеді. Осы бір мамандық иелеріне құрмет көрсету мақсатында аудандық Мәдениет үйінде мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Алғашқы құттықтау сөз аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріповке беріліп, ол аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауы жеткізді.

- Еліміздің қай саласын алып қарасақ та әлеуметтік салаға артылған жүктің салмағы ауыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында «Еліміздің әлеуметтік саласын жаңғырту мен азаматтардың әл-ауқатын арттыру – мемлекет саясатының басты мақсаты» деп атап көрсеткен болатын. Сіздер осы жолда нәтижелі еңбек етіп, тәні ауырған жандарға мейірім шапағатын төгіп, қажырлы еңбек етудесіздер.

Сіздердің еңбектеріңіз еліміздегі әлеуметтік саясатты оңтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік беруде. Бұл адам құқықтары мен қоғамдық тұрақтылықтың сақталуының бір көрінісі. Аталған саланың басты құндылығы – кәсіби деңгейі жоғары, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген қызметкерлердің көмекке зәру қарттарға, тұрмысы төмен отбасыларға және мүгедектерге қол ұшын

созуға әрқашан әзір болуы. Қажырлы еңбектеріңіз, кең жүректеріңіз, өзгеңіз қайғысына көз жұмып қарай алмайтын адалдықтарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтамын.

Осындай мерейлі күні әлеуметтік қорғау саласындағы еңбектеріңіз үшін өз ризашылығымды білдіре отырып, қыруар жұмыстардың ыстығы мен суығына төзіп, аянбай қызмет етіп келе жатқан Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт пен үйлесімділік, қиын да қызықты еңбектеріңізге мол табыс тілеймін, - деді Азамат Сайранұлы.

Мереке күні көп жылдық адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін және Әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері күнін мерекелеуге орай бірқатар сала қызметкерлері аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталды. Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова мен аудандық мансап орталығының директоры Динара Мұхамеджанова кезек-кезек сөз алып, әріптестеріне ізгі тілектерін арнап, сыйсияпат жасады.

«Мейірім жүректен шығады, пейіл тілектен туады», - дейді халық даналығы. Осы салада жеткен жетістіктердің барлығы – ізгілік пен адамгершілікті ту еткен еселі еңбектің жемісі екені сөзсіз. Сондықтан аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама да мереке иелерінің көңілінен шықты. Өртістер бар өнерін ортаға салып, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлауға тырысып бақты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

# ТАБИҒАТ ҚОРҒАНЫ - ОРМАНШЫ



Қазан айының үшінші жексенбісі - орманшылардың кәсіби мерекесі. Бүгінде бүкіл жаһан жұртын алаңдатып отырған экология мәселесінің оңалуына орман шаруашылығының маңызы, соның ішінде жасыл желекті қорғап жүрген орманшылардың еңбегі орасан. Саналы жұмырын орман алқаптарын көзіп, табиғатты қорғау арнаған жандар аразында аз емес.

Осыған орай, аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағамбетов Булаев орман

шаруашылығының қызметкерлерімен кездесіп, ағаш отырғызу жұмысымен танысып қайтты.

Достан Серікболатұлы кездесу кезінде орманшылар қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығына қарамастан, табиғатты қорғауға берілген жандар екенін атап өтіп, аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізді.

- Халқымызда «Атадан мал қалғанша - тал қалсын» деген даналық сөз бар. Орман – біздің баға жетпес байлығымыз,



халқымыздың ен дәулеті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тал егу, орманды алқаптарды ұлғайту ісіне тікелей назар аударып отыр.

Бұл орайда, Булаев орман шаруашылығында еңбек ететін жүздеген білікті де жауапты мамандар аса маңызды жұмысты адал атқарып жүргені сөзсіз. Сіздер қыстың қақаған аязы мен бұрқаған боранында, жаздың аптап ыстығында табиғаттың осынау керемет сыйын көздің қарашығындай қорғайсыздар.

Сондықтан да бар өмірін туған жерге арнап жүрген орманшыларға табысты еңбек және қажырлықпен атқарып жүрген жұмыстарына жақсы нәтиже, дендеріне саулық, бақыт, отбасыларына береке тілейміз, - деді құттықтау хатты оқыған аудан әкімінің орынбасары.

Содан кейін Достан Тасмағамбетов мереке иелерін аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапаттап, еңбектеріне табыс тіледі.





БІЛІМДІ ҰЛТ

27 қазанда біздің өліміздің Астана қаласында, Аль-Фараби атындағы оқушылар сарайында «REC FEST» робототехника бойынша жарыстың Республикалық кезеңі өтті. Оған құрамында Тилаганов Жандос, Атиев Мәтөв, Кулик Данил, Пикущих Ангелина, Санина Амина сынды 7-ші сынып оқушылары бар Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының командасы қатысты. Тартысты өткен сайыстардың қорытындысы бойынша 7 «Б» сынып оқушысы Тилаганов Жандос «Робосумо DIY» санатында Қазақстанның абсолютті чемпионы атанды.



**ТИЛАГАНОВ ЖАНДОС  
ЧЕМПИОН АТАНДЫ**

Сондай-ақ 28 қазанда Астана қаласында REDFEST фестивалінің Халықаралық кезеңі өтіп, оған Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және тағы да басқа елдердің өкілдері қатысты. Халықаралық деңгейде ел намысын қорғаған Тилаганов Жандос тағы да мықты екенін танытып, «Робосумо DIY» санатында жүлделі 2-ші орынға ие болды.

Жалпы мектеп-гимназиясындағы робототехника кабинеті «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының қаражаты есебінен қажетті жабдықтармен жабдықталған болатын. Үйірме 2023 жылдың сәуір айынан жұмыс істей бастады, қазіргі уақытта оған 7-ші сыныптың 36 оқушысы қатысады. Астана қаласында өнер көрсеткен үйірменің және тиісінше команданың жетекшісі - Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының физика және информатика пәнінің мұғалімі – Сергей Георгиевич Суханов.

Бүгінгі таңда Сергей Георгиевич ауданымыздағы тәжірибелі ұстаздардың бірі. Ол физика және информатика пәндерінен сабақ береді. Оның шәкірттері өңірлік және халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың және конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады.

Білікті ұстаз Сергей Суханов - облыстық деңгейдегі семинарлар мен вебинарлардың тұрақты қатысушысы. ҰБТ және ОЖСБ, физика бойынша МОДО үшін тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптау үшін бірнеше рет арнайы шақырылып, Астана қаласындағы физика бойынша Республикалық апелляциялық комиссияның жұмысына да қатысты.

Сергей Георгиевич кәсіби жетістіктерінен басқа, қоғамдық өмірге де белсене қатысады. Ол ұзақ уақыт бойы мектеп-гимназияның кәсіподақ комитетін басқарып, учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы болып табылады. Салауатты өмір салтын насихаттаушы ұстаз - Президенттік көпсайыстан ҚР чемпионы, облыстық бірнеше дүркін чемпионы және жүлдегері.

Сергей Георгиевич пен мектеп командасын осындай жоғары нәтижесімен құттықтап, ұстаз бен шәкірттеріне шығармашылық табыс пен жоғары жетістіктер тілейміз!

Аудандық білім бөлімі.



Camera

ОЗАТ ҰСТАЗДАН - ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ  
МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ РӨЛІ**



Осы орайда бәрімізге жақын Әл-Фараби сөзі еске оралады «Балаға ең бірінші білім емес, тәрбие керек», делінген. Міне 40жыл мектеп қабырғасында бастауышта білім мен тәрбие беріп жүргенде менің де ұстаздық жолда кездесетін ең қиыны бұл баланың бастауыштағы тәрбиесінің дұрыс қалыптасуы дер едім. Сол себепті мектебіміз Мағжан Жұмабаевтың есімімен аталатын болғандықтан жүрегіме жақын ұстап, кемеңгер алған едістемелік оқулығым ол Мағжан бабамыздың «Педагогикасы».

Бастауыш сынып оқушыларының негізгі тәрбиесін қалыптастыру - ол мінез-құлқына назар аудару. Өйткені бір баланың барлық ісін басқа балалардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады. Мінез - адамның жаратылысына қарай тұма болады немесе басқа сыртқы себептермен-тұрмыс түрі, жаратылыс, жолдас, тәрбие сықылды жүре пайда болады. Тұма мінез, көбінесе, тұқым қуалап келеді. Сол себепті мектеп қабырғасын жаңа аттап жатқан ұстаздарға Мағжан бабамыздың «Педагогикасында» алтын өрлепін жазылған мысалдарды ұлағатты ұстаз ретінде қабылдандар деймін.

Ол мынадай «Балада берік немесе дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мынау негізгі екі шартты орындау керек, біріншіден баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру. Басқаның күшіне, кемеңгіне сеніп кетпей, өз қолынан келмейтін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті. Күшпен асатын іске кірісіп, баланың тауы шағылмасы үшін; екіншіден баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке бағындыру керек. Баланы еркіне

Гүлнәш АЙТПАЕВА,  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.

ПІКІРСАЙЫС

**ЖЕҢІМПАЗ КОМАНДА МЕН  
ҮЗДІК СПИКЕР АНЫҚТАЛДЫ**

25 қазан - Республика күнін мерекелеу аясында Жастар ресурстық орталығының бастамасымен №2 Булаев орта мектебінде қала мектептері оқушыларының арасында пікірталас сайысы болып өтті.



Талқылау тақырыбы – «Болашақта Қазақстанның Президенті әйел болатынына жол бересің бе?». Бұл тақырып қазіргі қоғам үшін маңызды әрі өзекті екенін көрсетсе білді. Пікірсайыс ойын форматында өтті, онда командалар өз дәлелдерін болжап және қарсы пікір ұсынуы тиіс болды.

Талқылау барысында қатысушылар саясаттағы әйелдердің рөлін, қоғамдағы теңдігін және Қазақстанның болашағын мұқият талдады.

Кейбірі әйел президент жаңа көзқарастар мен ел дамуының жаңа бағытын енгізе алады деген дәлелдер келтірсе, ал басқалары әлеуметтік кедергілер мен консервативті көзқарастардың пайда болуын атап өтті. Турнир қорытындысы бойынша қазылар алқасы лайықты шешім шығара білді.

Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің «Абсолют» командасы жеңімпаз атанып, олар тамаша

дайындықты және өз ойларын нақты тұжырымдай алуымен ерекшеленді. Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Мәлдір Жексембай пікірсайыстың үздік спикері болып танылды.

Айта кету керек, барлық қатысушылар Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Біз балаларды ойынға дайындайтын барлық қатысушыларға, қазылар алқасы мен педагогтарға шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Қазақстан Республикасының күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке халқымыздың күші, тәуелсіздігі мен бірлігін білдіреді. Баршаңызға денсаулық және өліміздің игілігі үшін жаңа жетістіктер тілейміз.

Ауданның жастар ресурстық орталығы.



# ЖАРЫС АЛАҢЫНДА - АРДАҒЕРЛЕР БАҚ СЫНАСТЫ

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттарымызды ардақтауға ерекше көңіл бөлген қазақ халқы олардың өмірлік тәжірибелерінен үлгі-өнеге алып, ақыл кеңесіне құлақ асып отырған. Бүгінгі таңда да барлық қоғамдық жұмыстар кенекездерімізбен ақылдаса отырып жасалады.

29 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде «Қарияларды қолдау» айлығы аясында аудандық ардагерлер кеңесі мен дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен ауданымыздың қарттарына әртүрлі спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды.

Бұл спорттық іс-шараның ашылуына аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

- Құрметті аға-буын өкілдері! Сіздерге бүгінгі жарысқа тек қана жеңіс тілеп, үздіктердің қатарынан көріне беріңіздер, - деді құттықтау сөздерінде.

Айта кету керек, бұл дәстүр біздің ауданымызда жыл сайын атап өтеледі. Оның басты мақсаты: қарияларымыздың көңіл күйі мен денсаулығын жақсартуға үлес қосып, қимыл дағдысына бейімдеп, спортпен шұғылдануға деген ықыласын арттыру.

Еске салсақ, жарыс үстел теннисі, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және дартс сияқты спорттың 5 түрінен өтті. Сондай-ақ



жарыс барысында қарттарымызға арнап, ыстық шай мен төттілер жасалған дастархан жайылды. Көптен күткен жарыстың қортындысына келсек, ардақты қарттарымыз мынандай нәтижелерге қол жеткізді. Үстел теннисі бойынша 1-ші орынды И.И. Лелюх жеңіп алса, 2-ші орынды С.Қ.

Ысқақов, ал 3-ші орынды В.С. Шевелев иеленді.

Дартс бойынша ерлер арасында А.А. Гамершмидт 61 ұпаймен жеңіске жетті, К.В. Роцук 58 ұпаймен күміс, В.С. Шевелев 54 ұпаймен қола медальдарды ұтып алды.

Әйелдер арасында 51 ұпаймен Е.В. Козлова үздік деп танылса, 36 ұпай жинаған А.Ф. Усенко мен 35 ұпай жинаған Н.С. Мерешко екінші және үшінші орындарға жайғасты.

Дойбы жарысында И.И. Лелюх тең келер ешкім болмады, Е.В. Козлова мен Т.П. Калинин те тиісінше күміс және қола жүлдегер атанды.

Шахмат жарысы бойынша 1-ші орынды К.З. Құдайбергенов жеңіп алып, чемпион атанды, 2-ші орынға Н.А. Ессе табын тіресе, 3-ші орынға С.И. Поленый ие болды.

Тоғызқұмалақ жарысында М.Ш. Джаналин жеңімпаз деп танылды. Ал В.П. Воронная күміс жүлден иеленсе, Л.М. Данилова үздік үштікті қорытындылады.

Жеңіске жеткен жеңімпаздар мен жүлдегер аудандық ардагерлер кеңесінің дипломдары мен медальдарына ие болды.

Халқымыз «Шынықсаң шымыр боласың» - дейді. Иә, шынымен де адам баласы қай жаста болсын, спортпен айналысып, денсаулығына күтім жасап жүруі керек. Салауатты өмір салтын насихаттап жүрген әр адамның денсаулығы арқашан жақсы болатынын естен шығармайық.

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.



## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕГЕ АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛ БОЙЫНША ЖАРЫС



25 қазан - Республика күніне орай, Батыр Баи атындағы спорт кешенінде волейболдан жарыс өтті. Аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағамбетов жарысты салтанатты түрде ашып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен жарыста үш команда бақ сынап, әр кездесу тартысқа толы болды.

Жарыс нәтижесінде Булаев қаласының командасы жеңімпаз атанды. Ал Петропавл қаласынан келген «Орион» командасы күміс жүлден иеленсе, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері қола медальды қанағат тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен, медальдармен және ақпалай сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ жеңімпаз командаға кубок табыс етіліп, үздік шабуылшы, қорғаушы және байланыстырушы спортшылар арнайы марапатқа ие болды.

Қанат МҮСАТАЕВ, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН АУДАНДЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

26 қазанда Қарақоға ауылындағы мәдениет үйінде Республика күніне арналған үстел теннисінен аудандық турнир өтіп, оған Булаев қаласы мен ауылдық округтердің спортшылары қатысты.

Турнир ерлер мен әйелдер арасында ұйымдастырылып, онда мектеп оқушылары арасында үстел теннисінен жүлдегерлер мен жастар бақ сынасты. Турнир жоғары спорттық деңгейде өтіп, оған ауданның ең мықты спортшылары және үстел теннисінен ардагерлері де қатысты. Жарыста өнер көрсеткен спортшылар өз шеберліктерімен қатар, шебер ойын өрнегі мен жеңіске деген ерік-жігерін паш етті.

Турнирге барлығы 24 ер адам және 12 әйел мен жастар қатысты. Тартысты өткен ойындардың нәтижесінде ерлер арасында Иван Лелюх чемпионы атанды, ал Бахтияр Амангелдинов күміс жүлдегер атанса, Виктор Славный қола медальды иеленді.

Әйелдер арасында Вера Разина жарыс жеңімпазы атанды, ал Жансель Әубәкірова мен Илона Николаенко екінші және үшінші орындарға жайғасты.

Турнирге қатысушылардың атынан жарысты ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаевқа және Қарақоға ауылдық округінің өкімі Жанболат Мұқашевке алғыс айтамыз.

Самат ҚОЖАХМЕТОВ, үстел теннисінен жаттықтырушы-оқытушы





# «САҚ СТИЛІ» ЖАҢА СЕРИЯСЫНА ЖАТАТЫН НОМИНАЛЫ 5000 ТЕНГЕЛІК БАНКНОТАНЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ, АЙЫРБАСТАУ ТӘРТІБІ, АЙНАЛЫМДА ҚАТАР ЖҮРУ КЕЗЕҢІН БЕЛГІЛЕУ



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

## 2023 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 5 000 ТЕНГЕЛІК «САҚ СТИЛІ» СЕРИЯСЫНЫҢ БАНКНОТЫ

## БАНКНОТА СЕРИИ «САКСКИЙ СТИЛЬ» НОМИНАЛОМ 5 000 ТЕНГЕ ОБРАЗЦА 2023 ГОДА

- АЛТЫН ИНТАГЛИО**  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл болаумен жоғары береді қабатта басылған.  
**ЗОЛОТОЕ ИНТАГЛИО**  
Тері РК нәтижесіне высокопробный сплавом золотистой металлической краской.
- КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкнотаның бет жағының шеттерінде және құрылым жерінде сәйкестік шығарушы жоғары береді элементтер бар.  
**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЕЛЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям нанесены выпуклые высокопробные элементы, хорошо различимые на ощупь.
- ЕКІ ТҮСТІ ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**  
Банкнотаның көлеуі бұрышы өзгерген кезде қарап және көзі тұтқанды өзара әрекеттестіріп динамикалық түрде өзгеріс пайда болады.  
**ДВУХЦВЕТНАЯ ЗАЩИТНАЯ НИТЬ**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется динамический эффект тупассации взаимодействующих цветов красного и синего.
- ПАТЧ**  
«Бүркіт» артефактінің көлемді белісі.  
Банкнотаның аударған кезде номиналдың цифрлық көрсеткішіне өзгеріс әкелуі әсері және нұсқа белгісі сәулелердің жан-жаққа шағырған динамикалық әсері.  
**ПАТЧ**  
Объемное изображение артефакта «Беркут». При повороте банкноты эффект параллельности с цифрового изображения номинала на орнамент и динамический эффект расхождения лучей солнечного зенита в стороны.



Көлемі: 140x70 мм / Размер: 140x70 мм

- ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкнотаның көлеуі бұрышы өзгерген кезде бет жағында алтын түстес және сарт жағында қызыл түстес жылтыр бар арнайы бояулармен басылған элементтер.
- ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
При изменении угла наклона банкноты элементы, нанесенные специальными красками с блеском, золотистого цвета с лицевой стороны и красного цвета с оборотной стороны.
- ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛЕКТРОПТИ СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ**  
Флюоресцентный материал без фосфора в тусклом свете излучает голубой свет.
- ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК ЭЛЕКТРОПТИ**  
В проходящем свете четко виден водяной знак электроптика с изображением номинала.
- СПАРК**  
Элемент банкноты, скрыт загибом «Бүркіт» артефактінің көлемді белісі түрінде орналасқан, банкнотаның көлеуі бұрышы өзгерген кезде түсі алынған инфракрасный түрде.
- СПАРК**  
Элемент расположен на оборотной стороне банкноты в виде объемного изображения артефакта «Беркут», при изменении угла наклона банкноты цвет переходит от золотого до инфракрасного.



www.nationalbank.kz

Бұл – «Сақ стилі» жаңа сериясының алғашқы банкнотасы. Ол дәстүрлі қазақ ою – әрнегінің бастаушысы болып саналатын және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап бүгінгі Қазақстанға дейінгі өл мұрасын бейнелейтін «Сақ стилі» элементтеріне негізделген.  
Банкноттардың дизайнын өзгерту – бұл жалған ақша жасаумен күресудің кең таралған әлемдік тәжірибесі.  
Номиналы 5 000 теңге болатын жаңа банкноталар 2023 жылғы 25 желтоқсанда бастап айналымға енеді және жыл бойы айналымдағы 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5 000 теңге болатын ұлттық валюта банкноталарымен (бұдан әрі – ескі үлгідегі банкнота) ауыстырылады.

### Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2023 жылғы 25 желтоқсанда бастап жаңа дизайнға, 2023 жылғы үлгідегі, номиналы 5 000 теңгелік банкноталарды айналымға шығарады.

Яғни, ескі үлгідегі барлық банкноталар бір жылдың ішінде айналымнан біртіндеп алынатын болады. Тіпті, банкноталар айналымда қатар жүрген уақытта халыққа ескі үлгідегі банкноталарды екінші деңгейлі банктердегі немесе ҚҰБ филиалдарындағы жаңа банкноталарға айырбастаудың қажеті жоқ. 2023 жылдың 25 желтоқсанынан 2024 жылдың 24 желтоқсанына дейін ескі және жаңа үлгідегі банкноталар айналымда қатар жүріп, есеп айырысуға жарамды болып саналады.  
Қатар айналым кезеңі аяқталғаннан кейін,

яғни 2024 жылғы 25 желтоқсанда бастап барлық банк пен Қазақстанда ескі үлгідегі банкноталарды 3 жыл ішінде жаңа үлгідегі банкноталарға айырбастауға мүмкіндік бар. Ал ҚҰБ филиалдарында оларды мерзімсіз айырбастауға болады.  
Жаңа үлгідегі (2023 жылғы) және ескі үлгідегі (2011 жылғы) банкноталар айналымда қатар жүретін кезең ішінде заңды төлем құралы болып саналады. Төлемдер мен аударымдардың барлық түрін жүзеге асыру, банк шоттарына аудару үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың

атаулы құны бойынша қабылдауға міндетті екенін атап өтеміз.  
Олар еліміздегі ҚҰБ, Қазпошта және екінші деңгейлі банктердің барлық филиалында, сондай-ақ Қазақстан резидент емес банктің филиалдарында шектеусіз айырбасталады және ауыстырылады.  
Заңды төлем құралы болып табылатын банкноталар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық болып саналатынын еске саламыз.  
Толығырақ ақпаратты ҰБҚ Солтүстік Қазақстан филиалына телефон арқылы алуға болады: 8 (7152) 55–15–36, www.nationalbank.kz.

## FINGRAMOTA.KZ ХАБАРЛАЙДЫ

# КРЕДИТТІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ҚАЙ ЖАҒЫНАН ТИМДІ?

**Кредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде нені білу керек?** Fingramota.kz маңызды сұрақтарға жауап береді.  
Банктер немесе МҚҰ-да қарыз шартын жасаған кезде оған қоса міндетті түрде төлемдер кестесі беріледі. Онда қарызды өтеу мерзімдері мен мөлшерлері көрсетіледі.  
Мерзімінен бұрын өтеген кезде сіз кредитті пайдаланған нақты мерзімге ғана төлем жасай отырып, артық төлемді азайтасыз. Егер кредит, мысалы, бөліп төлеу сияқты пайызсыз болмаса, осы функцияны пайдалана отырып, біршама үнемдеуге болады.  
Massaget.kz тілшісі жазғандай, кредит рәсімдеу кезінде аталған қаржы құралын қалай пайдалану керектігін түсінуге өте маңызды. Ай сайынғы төлем жасау арқылы сіз қаражаттың бір бөлігін банктің пайдасына аударасыз – бұл қаржы институты алатын пайыздар, ал ақшаңыз бір бөлігі негізгі борышты өтеуге жұмсалыады. Келесі айда пайыздар тұтастай кредитке емес, негізгі борышты қалдығына өсептеледі.  
**Кредитті мерзімінен бұрын өтеу тиімді**  
Сіз 1 жылға жылдық 25%-бен 1 млн теңге алдыңыз дейік. Төлем жасау ануитетті кесте бойынша, яғни ай сайын теңдей төлемдермен жүргізіледі.  
Кредит бойынша пайыздар ай сайын азая береді, ал негізгі борышты төлеуге ай сайынғы төлемнің көп бөлігі жұмсалыады. Тіпті, негізгі борыштың төленуіне тиіс қалған бөлігінің мөлшері неғұрлым аз

болса, сіз банкке соғұрлым азырақ пайыз төлейтін боласыз.  
Сіз мерзімінен бұрын өтеудің шеңберінде төлем жасайтын уақытта бұл ақша дәл негізгі борышты өтеуге кетеді, ал пайыздар тек төмендейді. Осылайша, сіз кредитті өтерек жабасыз және ол бойынша артық төлем барынша аз болады.  
Мысалы, егер 2024 жылғы желтоқсанда сіз 300 000 теңгені мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдасңыз, сіз кредитті 4 айға өтерек өтеп тастайсыз және 140 531-89 070 = 51 461 теңге үнемдейсіз. Егер сіз мерзімінен бұрын басқа соманы өтейтін болсаңыз немесе осылай бірнеше рет жасайтын болсаңыз банктің мобильді қосымшасында сізге сіздің қанша уақыт пен қанша ақша үнемдейтініңізді есептеп көрсетеді.  
**Кредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде нені білу керек?**  
Көп жағдайда ай сайынғы төлем есептен шығарылып тұратын шотқа ақша енгізу жеткіліксіз болып жатады. Мерзімінен бұрын өтеу операциясын арнайы жүргізу маңызды. Мобильді қосымшада бұл үшін арнайы команда берілуі мүмкін. Кейбір қаржы ұйымдары тіпті тиісті өтініш жазып беруді сұрайды. Бұл жағдай айтарлықтай маңызды, себебі егер сіз барлық рәсімдерді орындамасаңыз, сіздің ақшаңыз шотқа қалып қойып, кестеге сәйкес есептен шығарылуы мүмкін. Бұл ретте тиімділік болмайды, яғни бұл артық төлемнің және кредит мерзімінің азаюына алып келмейді.

Кейбір жағдайларда кредит мерзіміне қарай алғашқы 3 немесе 6 айда мерзімінен бұрын өтеуге тыйым салынған. Тиісті тармақ міндетті түрде қарыз шартында көрсетілуі керек және кредиттік ұйымның менеджері бұл туралы қарыз алушыға хабарлауға тиіс.  
Қарызды мерзімінен бұрын өтей отырып, кредит беру мерзімін қысқартпай, ай сайынғы төлемді, яғни сіз кредит бойынша ай сайын төлеп отыратын соманы азайтуға болады. Бұл тармақтың тиімділігі азырақ, себебі кредиттің мерзімі қысқармайды, демеу қаржы алушы кредит мерзімін қысқартқан жағдаймен салыстырғанда пайыздарды көбірек төлейді және оның артық төлемі аздал артық болады. Бірақ кейбір жағдайларда ол тиімді болуы мүмкін, себебі жалпы артық төлемді азайтып, нақ осы жерде және осы уақытта азырақ төлеуге мүмкіндік береді.  
Мерзімінен бұрын өтеу есебінен ай сайынғы төлемді төмендету үшін банкке жүгініп, тиісті өтініш беру қажет.  
Қарызды рәсімдеу алдында кредиттік ұйымның менеджерінен мерзімінен бұрын өтеу талаптары қандай екенін нақтылау қажет. Мысалы, заң бойынша банктердің негізгі борышты мерзімінен бұрын ішара өтеу немесе мерзімінен бұрын толық өтеудің мынадай жағдайларын қоспағанда: бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін;  
бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға

дейін қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін айыппұл немесе санкциялардың өзге де түрлерін алуға құқығы жоқ.  
Бұл ретте клиент банкке пайыздарды кредитті пайдаланудың нақты күндері үшін ғана төлейді. Мұның бәрі кредиттік шартта жазылған. Сондықтан кредит берушінің борыштық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтемей тұрып оның талаптарын мұқият оқып шығыңыз.  
Егер сіз кредитті рәсімдеу кезінде сақтандыруды сатып алған болсаңыз, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға өркеттеніп көруге болады. Қайтару мүмкіндігі де шартта көрсетілген. Толық зерттеп алмай тұрып шартқа қол қоймаңыз!  
Мерзімінен бұрын өтеуден бұрын кредиттік нақты сомасын нақтылап алыңыз: егер сіз бұрын кредит бойынша мерзімді кешіктірген болсаңыз, сізде қарыз жинақталып қалуы мүмкін. Және алдағы уақытта шотты толықтырған кезде өң алдымен есіміңіз мен айыппұл сомасы, содан кейін ғана ай сайынғы төлем есептен шығарылады.  
Қарызды қысылтатын жағдай болмаса рәсімдемеңіз, өсіресе сыртқы факторлардың өсеріне ұшырап, қарызға алынған ақшалай қаражатқа импульсивті сауда жасаудың қажеті жоқ. Егер сіз кредитті төлей алатыныңызға сенімді болмасаңыз, онда кредит алмаңыз, жеке бюджетіңізге қосымша ауыртпалық салудан бойынғызды аулақ ұстаңыз! Қарызды өтегеннен – алған жеңіл.



Дүйсенбі, 4 қараша	Сейсенбі, 5 қараша	Сәрсенбі, 6 қараша	Бейсенбі, 7 қараша	Жұма, 8 қараша	Сенбі, 9 қараша	Жексенбі, 10 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	------------------------

QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 04.15 «ІНЖУ-МАРЖАН» 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 03.50 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР» 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.10, 04.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 03.50 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР» 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 05.25 АҚСАУЫТ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.10, 03.55 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 «ҚОС ПАЛАТА». 14.35 «БАЛА ЖАНЫ». 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР» 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 05.25 АҚСАУЫТ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.10, 03.55 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40, 05.25 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР» 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.30 АТАМЕКЕН. 14.35, 04.05 Д/Ф 15.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР» 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҒСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.35 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.00 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 01.35 АҚПАРАТ. 07.00, 04.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50 ҚОҢДІ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 02.35 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.00, 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП 14.10 ДАРА БАЛА. 15.25 М/Ф. 17.20, 01.55 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 02.15 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН», Х/Ф. 03.25 ШАҒЫРАҚ. 03.55 ЖӨДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.10 «АУЫЛДАСТАР». 06.30, 04.10 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.05 М/Ф. 09.40, 04.50 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ» 12.00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 14.25, 02.40 АТАМЕКЕН. 14.50 «ПАРАЛЛИНАДА ШЫ», Х/Ф. 17.20, 03.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.35 АҚОРДА. 20.50, 02.25 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢДІ ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СУЛУ» 23.15 «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН», Х/Ф. 03.30 «КУМИС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 4 қараша	Сейсенбі, 5 қараша	Сәрсенбі, 6 қараша	Бейсенбі, 7 қараша	Жұма, 8 қараша	Сенбі, 9 қараша	Жексенбі, 10 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	------------------------

**ХАБАР** **ХАБАР** **ХАБАР** **ХАБАР** **ХАБАР** **ХАБАР** **ХАБАР**

05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 15.30 ТАМАША. 16.00 Т/С «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 22.30 ОЙНАIQ. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ОНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 ӨЗ ЕЛІМ. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 «АСТЕРИКС И ТАЙНОЕ ЗЕЛЬЕ», Х/Ф. 11.20 М/Ф. 12.00, 21.45 «ОГРАБЛЕНИЕ: КОД 211», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ОНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ЖЕРҮЙІҚ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.35 М/Ф «КРОЛЕЦЫ И ХОМЯК ТЬМЫ». 12.00, 21.35 «ОХРАННИК», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00, 17.15 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 18.00 ОЙНАIQ. 19.00 «QUNAR+». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.
---	--	---	--	---	--	---

Дүйсенбі, 4 қараша	Сейсенбі, 5 қараша	Сәрсенбі, 6 қараша	Бейсенбі, 7 қараша	Жұма, 8 қараша	Сенбі, 9 қараша	Жексенбі, 10 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	------------------------

**ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ** **ТВ ЕВРАЗИЯ**

06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 04.30 УШКАЛАҚ.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.15 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 02.45 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 ТАМАША СИТУ. 08.05, 03.50 П@УТИНА. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.40 «ОБМАНИ СЕБЯ», Х/Ф. 13.50 «РЕБЕНОК С ГАРАНТИЕЙ», Х/Ф. 17.50 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». 20.00 «ИЩЕЙКА-4», Х/Ф. 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.15 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.45 ТАМАША СИТУ. 08.20, 02.40 П@УТИНА. 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.30 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.25 «НОРВЕГ», Х/Ф. 14.10 «ПИСЬМО ПО ОШИБКЕ», Х/Ф. 18.00 «ВЕТЕР ПЕРЕМЕН», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ИЩЕЙКА-4», Х/Ф. 01.25 «ВЕЧНОСТЬ», Х/Ф.
---	---	---	---	--	--	---

**Ұл тәрбиелі отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелі отырып, ұлт тәрбиелейміз.**  
**Мұхтар ӘУЕЗОВ**





## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан Жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2025 жылдың бірінші

жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80. редакция - 2-21-35.



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНАН АЛА АЛАДЫ

Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификаты тұрғын үйге мұқтаж және табыс деңгейі жеткіліксіз отбасыларға беріледі. Сертификат алуға арналған тиісті онлайн-қызмет eGov.kz порталында қолжетімді болды.

Сертификат ҚР Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама немесе мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алынған жағдайда беріледі. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының мөлшері мен тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды. Тұрғын үй сертификаты келесі жағдайларда өлеуметтік көмек ретінде ұсынылады:

- өтініш берушіде және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде (жұбайы мен кәмелетке толмаған балаларының) соңғы 6 айдағы орташа табысы еңбек және/немесе кәсіпкерлік қызметтен белгіленген шектен аспаса;
- орташа табыс зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және басқа да міндетті аударымдарды есепке алмайды;
- 23 жасқа дейінгі білім беру мекемелерінде күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалар

қарауға енгізіледі. Тұрғын үй сертификатын онлайн алу үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталына кіріп және «Жылжымайтын мүлік» - «Тұрғын үй қатынастары» бөліміне өту қажет;
- «Тұрғын үй сертификаттарын беру» тізімінен таңдап, қажетті жолдарды толтыру керек;
- ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою қажет;
- қызмет нәтижесімен <https://kezekte.kz/> сайтына Жеке кабинетте танысуға болады.

Жаңа қызмет өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ынтымақтастығымен іске асырылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

Булаев қаласында 45 пәтерлі тұрғын үйге өтінімдер қабылдау жүргізілуде. Бағасы 1 шаршы метр үшін 165 000 тг. Бұл үйде 1, 2 және 3 бөлмелі пәтерлер бар. Барлық сұрақтар бойынша Отбасы банкінің кеңешісі Гүлнәр Елубайқызы Жетпісбаеваға 8-705-589-20-92 телефоны хабарласуға болады.

## ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУҒА ЖОЛ ЖОҚ!

Петропавл станциясындағы желілік полиция бөлімі 2024 жылдың 20 қазаннан бастап 19 қараша аралығында табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтарды, экологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған «Браконьер» республикалық жедел профилактикалық шарасы өтуде.



Жедел іс шара аясында оқ дәрі, атыс қаруын алып жүруге, сақтау құжаттарының бар-жоғы, сонымен бірге аңшылықпен айналысуға, балық аулауға, ағаш кесуге рұқсат қағаздарының бар-жоғы тексерілуде. Осы ЖІПШ

өту мерзімі ішінде полиция сакшыларының максималды түрде күш-қуралдары жұмылдырылуда. Сондай-ақ Петропавл ст. ЖІПБ Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі және М.Жұмабаев аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінен біріккен мобильдік топтар құрылды. Олар күн сайын бекітілген учаскелерде заң бұзушылықты болдырмау мақсатында рейдтік шаралар өткізуде. ЖІПБ қызмет атқаратын аумақта өзен-көлдерде, аң аулайтын аумақтарда аңшылар мен балықшылардың құжаттары тексерілуде.

Булаев ст. ж.б.

## 1 ҚАРАШАДА ҚОЯН МЕН ТҮЛКІ АУЛАУ МАҰСЫМЫ АШЫЛАДЫ

2024 жылдың 1 қарашасында Солтүстік Қазақстан облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамының бекітілген алқаптарында қоян мен түлкі аулаудың қысқы маусымы ашылып, сібір елігі мен қабанға бұрын ашылған маусым жалғасуда. «Булаевское» аңшылық шаруашылығына аңшылық жолдамаларды ауданның аңшылық қоғамының кеңсесінен сатып алуға болады.



Естеріңізге сала кетейік, жолдамасыз аң аулау бұл браконьерлікке жатады. Сондықтан аңшылық ережелерін бұзғаны үшін аңшы әкімшілік жауапкершілікке тартылады. 19 қазаннан бастап Мағжан Жұмабаев ауданында полиция қызметкерлері «Браконьер» ЖПІШ

өткізуде. Аң аулау ережелерін бұзбаңыздар! Барлық сұрақтар бойынша 8-777-326-59-71 телефонына хабарласуға болады.

**В. ПУТИЛИН,** аңшылық шаруашылығының аға қорықшысы.

### САЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

## ЕЛ ЖАСТАРҒА БІРЫҢҒАЙ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНА ҚОШ ҚЕЛДІҢІЗ!

Бұл портал арнайы жастар үшін, сондай-ақ жастар саясатын жүзеге асыруға мүдделі барша тұлға үшін құрылған.

«Жастар» F3O» бөлімінде сіз «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының қызметімен, компанияның тарихымен және қызметкерлерімен таныса аласыз. Сонымен қатар, бұл бөлімде сіз орталық жүргізген зерттеулер нәтижелерін, жаңалық дайдыжестерін, инфографика мен «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамаларын таба аласыз.

«Жастарға арналған мүмкіндіктер» бөлімінде сіз емханаға қалай тіркелу, университетке қалай грантка түседен бастап қаржылық сауаттылыққа дейінгі өмірдің түрлі

саласындағы сұрақтарға жауап ала аласыз. Егер жақын жердегі Жастар ресурстық орталығын тапқыңыз келсе немесе сіз жастармен жұмыс істейтін ұйымның қызметкері болсаңыз, онда «Жастар ресурстық орталықтары» бөлімінде өзекті ақпарат және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық ЖРО-лардың интерактивті картасын таба аласыз.

Сұрақ немесе ұсынысыңыз бар ма? Бізге [infonic@eljastary.kz](mailto:infonic@eljastary.kz) электрондық поштасына хат жазыңыз. Іздегеніңізді порталымыздан табысыз деп сенеміз!

«Қазақстан жастары» желілік басылымы командасы.

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік қызметке шақырады:

1. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі бас маман - Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі: «бизнес, басқару және құқық» (экономика, қаржы, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару, құқықтану) бейні бойынша. Не орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім: «бизнес, басқару және құқық» (есеп және аудит, банк және сақтандыру дело, құқық) бейні бойынша.
2. Жергілікті бюджеттер секторының бас маманы (декреттік демалыста болған уақытта) - Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі: «бизнес, басқару және құқық» (бизнес және

қаржы, экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару)) бейні бойынша. Не орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім: «бизнес, басқару және құқық» (бизнес және басқару (есеп және аудит, банк және сақтандыру дело (экономика, қаржы)) бейні бойынша.

3. Статистик біліктілік талаптары - жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім не орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім. Барлық сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 (715-31) 2-17-97.

<p>Директор - бас редактор Неза ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Азаттық» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: 150800 Сілету ауданы, Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан өтініс: 63360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Копунов к-сі, 5 үй). Тарауы - 555</p>	<p>Газет аудан ақпарат, аудандық мемлекеттік тапсырыс бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады.</p>
---	---	--	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қожажабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.